

«Химиялық регата - 2024» байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «CHEMICAL REGATTA - 2024» облыстық байқауының (бұдан әрі — Байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Байқау БҚО Білім беруді дамыту орталығының 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: химия пәнінен шығармашылықпен жұмыстанатын педагогтердің мәртебесін көтеру, тәжірибелерін насихаттау және қолдау.

2.2. Міндеттері:

- мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді анықтау, оларды қолдау және ынталандыру;
- мұғалімнің қоғамдағы имиджін қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- мұғалім мамандығының мәртебесін өсіру.

3. Байқауды ұйымдастырушылар, өткізу мерзімі мен шарттары

3.1. Облыстық білім беру ұйымдарының химия пәні мұғалімдері қатыса алады. Облыстық (аудан, қала, облыстық мектептер (1 команда)) білім беру ұйымдарының химия пәні мұғалімдері құрамы 4 (төрт) адамнан тұратын команда ұсына алады.

3.2. Байқауға қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілі: 5 – 20 жыл аралығы.

4. Байқауды өткізу мерзімі

4.1. Байқаудың аудандық, қалалық кезеңі 2024 жылдың 15-24 сәуір күндері аралығында, облыстық кезеңі 2024 жылдың 30 сәуір күні өткізіледі. Облыстық кезеңге қатысушы топтың сұраныстары 2024 жылдың 25 сәуірге дейін bilim.bdo@mail.ru электронды поштасына жолдануы қажет.

Үлгі

№	Аудан/ қала	Команданың атауы	Команда мүшелері нің аты- жөні (толық)	Жұмыс орны	Санаты	Еңбек өтілі	Оқыту тілі	Байланыс телефоны

5. Байқауды өткізу тәртібі

5.1. Байқау үш кезеңнен өтеді. Бірінші кезең – теориялық бөлім (есептер), екінші кезең – жұмбақ есептер, үшінші кезең – теориялық-эксперимент бөлім.

Әрбір кезең барлық тапсырмалардың ұжымдық жазбаша шешімінен тұрады. Байқауға 70 астрономиялық минут ұсынылады:

I тур. Теориялық бөлім (есептер): Физикалық химия тарауы бойынша екі сұрақ және есеп. Тапсырма саны-3. 30 минут уақыт беріледі.

II тур. Жұмбақ есептер бөлімі: Қатысушыларға белгісіз органикалық және бейорганикалық заттарды табу тапсырмасы ұсынылады. Тапсырма саны 3. Уақыты 25 минут.

III тур. Теориялық-эксперименттік бөлім: Аналитикалық химия бойынша тапсырмалар беріледі. Тапсырма орындауға 15 минут ұсынылады.

Әр кезеңнің нәтижелері хаттамасымен толтырылады және электрондық таблода көрсетіледі.

Байқау барысында калькулятор, ұялы телефондарымен басқа да байланыс түрлерімен пайдалануға тыйым салынады.

6. Қорытынды жұмыстар апелляциялық қаралымға жатпайды.

7. Байқау шарттары

7.1. Байқауға қатысу осы Ереженің талаптарымен толық келісуді білдіреді;

7.2. Қатысушылар осы Ереженің талаптарын басшылыққа алады.

8. Байқау қорытындысын шығару

8.1 Бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала, облыс деңгейінде комиссия құрылады.

8.2. Комиссия байқауға қатысушылардың ұсынған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды және бағалайды.

8.3. Байқау нәтижелері қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

8.4. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен, грамоталармен марапатталады және қатысушы сертификаты беріледі.

8.5. Байқау қорытындысы Білім беруді дамыту орталығының <http://zkobbdo.kz/ru/> сайтында орналастырылады және әлеуметтік желілерде жарияланады.

Білім беруді дамыту орталығының жұмыс жоспарына сәйкес білім беру ұйымдарында химия пәнінен шығармашылықпен жұмыстанатын педагогтердің мәртебесін көтеру, тәжірибелерін насихаттау және қолдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 30 сәуір күні химия пәні бойынша облыстық «**CHEMICAL REGATTA - 2024**» байқауы өткізілсін.
2. Байқаудың ережесі, ұйымдастыру комитетінің және қазылар алқасының құрамы, шығындар сметасы бекітілсін (1,2,3,4- қосымшалар).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің, облыстық білім беру мекемелерінің басшыларына:
 - аудандық (қалалық) кезеңдерін 15-24 сәуір күндері аралығында өткізсін;
 - облыстық байқауға аудандық (қалалық) кезеңнің жеңімпаздары қатыстырылсын.
4. Байқаудың шығындар сметасына сәйкес қаржыландыруды есеп бөлімі (Ф.Гумарова) қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасары С.Алимбаеваға жүктелсін.


Директор



Г.Кубашева

«Келісілді»

ББДО директорының орынбасары

 - С.Алимбаева

«Келісілді»

ББДО бөлім басшысы

 Ж.Нарикова

«Келісілді»

ББДО бас есепшісі

 Ф. Гумарова